



ХҒТАР 06.73.55
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2026-1-170-182>

Қазақстанның банк қызметіндегі цифрланудың дамуы

Г. Нуруллақызы^{*1}, S. Kozak²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Варшава жаратылыстану университеті, Варшава, Польша

(E-mail: ¹gnurullalkyzy@gmail.com, ²sylwester_kozak@sggw.edu.pl)

Аңдатпа. Жұмыстың мақсаты – цифрлы экономикадағы банк саласының онлайн қызметтер үлесін арттыру арқылы дамуын теориялық қарастыру және цифрлану аясындағы өзгерістерді салыстырмалы түрде талдау болып табылады. Банк секторы инновациялық технологияларды енгізу үшін өзекті экономика салаларының бірі болып табылады. Банк секторында цифрлық технологияларды дамыту банк қызметтерін пайдалану ауқымын кеңейтеді және жеңілдетеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ресми сайтындағы статистикалық ақпараттар негізінде банк қызметіне цифрлы технологиялардың әсері бойынша статистикалық мәліметтерді жинақтау, талдау, корреляция әдісі арқылы қолма-қол ақшасыз жасалған транзакция саны мен Қазақстандағы ірі үш банктің орташа ROA көрсеткіштерінің байланысын есептеу зерттеу әдістері болып табылады.

Нәтижелері – авторлар 2019-2025 жылдар аралығындағы төлем карталарын қолдану динамикасы бойынша қолма-қол ақшасыз және қолма-қол ақша алу деңгейін, POS-терминал, интернет пен ұялы телефон арқылы жасалған және QR-көрсеткіш арқылы жасалған төлемдерді, сондай-ақ банктердің онлайн сервистерін қолданушылар саны бойынша көрсеткіштер динамикасын зерттеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы цифрландыру трендтері арқылы қазақстандық банктік қызметтегі жағдай бойынша зерттеу жұмыстарын әзірлеуден тұрады.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы Қазақстан Республикасының банк саласындағы инновациялардың дамуын жүзеге асыру мен негіздеу, сандық экономиканың дамыған уақытында банк саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Қорытындылар – банк жүйесі соңғы ақпараттық технологияларды жылдам енгізетін сала болып саналады. Банктің онлайн қызметін қолданушылар санының өсуі банк қызметінде онлайн қызметтерді ұсыну қажеттілігін тудырады. Сондықтан, онлайн қызметтерді ұсыну деңгейін көтеру мақсатында банктерді цифрландыру трендтері ұсынылды.

Түйін сөздер: екінші деңгейлі банк, цифрлы экономика, цифрлы банк қызметі, электрондық ақша, төлем карталары, интернет пен ұялы телефон арқылы жасалған төлем, QR-көрсеткіш.

Received 08.02.2025. Revised 15.09.2025. Accepted 25.02.2026. Available online 30.03.2026

¹*хат-хабар авторы

Кіріспе

Цифрландыру банктік өнімдер мен қызметтердің әртүрлі түрлерін ұсынудың жоғары технологиялық құралдары мен әдістерін енгізуді көздейді. Тұтастай алғанда банктің құрылымы өзгереді: филиалдар саны азаяды және онлайн қызметтер саны артады.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасында екінші деңгейлі банктердің цифрлы технологиялар арқылы инновациялық қызметтерін жетілдіруге қатысты теориялық негіздемелер мен статистикалық сараптау.

Зерттеу гипотезасы: цифрлы экономиканың инновациялық даму барысында Қазақстан банк секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған қызметтерін теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздеу. Екінші деңгейлі банктердің инновациялық цифрлы қызметі зерттеу нысаны ретінде қарастырылады.

Қаржы саласының цифрлық трансформациясында екі негізгі факторды атап айтуға болады, біріншісі технологиялық компаниялардың қаржылық қызметтер нарығына шығуы және классикалық қаржы институттарын цифрландыру және инновациялық цифрлық технологияларды игеру. Осы екі компонент біріктірілгенде, қызметті ұйымдастырудың заманауи модельдерін енгізуге мүмкіндік беретін озық нәтиже береді. Қаржы саласын цифрландыру қаржы жұмысын ұйымдастырудың классикалық және цифрлық құралдарының өзара енуімен ұштасады.

Цифрлық трансформация қаржылық қызмет көрсететін компанияларға жаңа клиенттерді тартудан бастап банктік операцияларды жеңілдетуге дейінгі көптеген жолдармен клиенттерге қызмет көрсетуді жақсартуға көмектеседі.

Әдебиетке шолу

Цифрлы экономикада банктердің интернеттегі қызметтерінің негізгі мақсаты – клиенттің операцияларды орындау ыңғайлылығы мен тиімділігі. Онлайн тіркелу сервисі клиентке шот ашуға, сондай-ақ банктің барлық өнімдері мен сервистеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді (Makysh, 2021). Қазіргі уақытта көптеген елдерде цифрландыру дамудың стратегиялық басымдығы болып табылады. Цифрлы экономиканы қалыптастыру барысында «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы айқын орын алады. Бұл Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 өкімімен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Бағдарлама орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды пайдаланудың арқасында республика экономикасының даму қарқынын ынталандыруға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, бағдарлама мемлекеттің цифрлық экономикасының қалыптасуына кепілдік берді (ҚР қаржы секторын 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы, 2022).

Одан ілгері қарасақ, цифрландыру бойынша 1990-жылдары Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарлама басталды, «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасы бастамашылық етілді, 2005 жылы электрондық үкіметті қалыптастыру басталды. Сондай-ақ, Қазақстанда инновациялық экожүйенің бірқатар элементтері құрылып, Astana Hub халықаралық технопаркi іске қосылды. 2024 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елді цифрландыру туралы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

байланыс, цифрландыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Құжатта Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «байланыс, цифрландыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және артық заңнамалық регламенттеуді болдырмау мәселелері» бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банк қызметінің сапасын талдау бойынша күшті жақтарға қаржы жүйесінің цифрландыру жағдайында банктердің интернет-банкинг қызметін жүзеге асырудағы негізгі мотивациясын жатқызса, әлсіз жаққа интернет-банкинг жүйесінің толық жетілмегенін айтуға болады (Sadvokassova және басқалары, 2020).

Отандық авторлар (Д. Кулумбетова, Н. Маулина, А. Асанова, 2021) өз мақалаларында цифрландырудың банк саласына әсері мен қазіргі уақыттағы банк трансформациясын қарастыруда. Коммерциялық банктердің цифрлану арқылы инновациялық қызметтерін шетелдік экономистер зерттеуде, оның ішінде американдық ғалымдардың қаржы нарықтары мен банк менеджментіндегі инновация мәселелері бойынша Дж. Синки, П. Роуз еңбектерін айтуға болады.

Заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып банк операцияларын автоматтандыру деңгейін арттыру және банктік қызметтердің онлайн нысандарында озық технологияларды қолдану банктердің бәсекеге қабілеттілігін нығайтудың негізгі факторлары болып табылады (Khamitkhan және басқалары, 2018). Цифрлық технологиялардың банк қызметіне әсерін зерттеген Б. Кинг өз жұмыстарында банк қызметіне жаһандық тенденцияларды зерттеді. Тұтынушылардың цифрлы банк өнімдерін қолдануымен қатар жаңа заманауи банк қызметтерінің даму ерекшеліктеріне назар аударады (Кинг, 2012).

Келесі авторлардың (А. Идирисова, Л. Талимова, А. Короткевич, 2025) зерттеулерінде, цифрлық экономика жағдайында бәсекеге сай даму үшін банктерге жаңа технологиялық өнімдерді енгізу қаржылық инвестицияларды қажет ететінін атап өткен. Осы орайда ірі банктерге қарағанда орта және шағын банктер үшін шығындардың көбеюі айтарлықтай қиындық тудырады, ал ол банк секторын шоғырландыру процесін өзекті етеді деген пікір айтады.

Екінші деңгейлі банктердің инновациялық қызметін басқару бойынша отандық ғалымдардың (Makysh және басқалары, 2021) мақаласында қазіргі уақытта банктер жаңа клиенттерді тарту мақсатында банктің инновациялық өнімдерін жетілдіруде, өйткені тұтынушылардың қалауындағы өзгерістерді, технологияның қарқынды дамуын және бәсекелестік ортаның тұрақты өзгерістерін ескере отырып, банк үшін бұрын қолданылған қызметтер мен өнімдерді ұсыну тиімсіз болатынын айтады.

Иордания банктерінің цифрлануын зерттеген авторлардың (Abdallah және басқалары, 2024) еңбектеріне жүгінсек, зерттеу әлеуметтік медиа банкингі, чатботтар, цифрлық әмияндар және мобильді банкинг қолданбалары сияқты цифрлық арналардың операциялық тиімділікке, шығындарды азайтуға және тұтынушылардың қанағаттануына әсерін қарастырған. Олар цифрлық банктік арналардың банк секторындағы операциялық қызметтің тиімділігін арттырудағы маңыздылығын көрсетеді. Процестерді оңтайландыру, тұтынушылардың белсенділігін арттыру және

жалпы тиімділікті арттыру арқылы бұл арналар қарқынды дамып келе жатқан цифрлық ландшафт аясында бәсекеге қабілеттілікті сақтауға ұмтылатын банктер үшін таптырмас құрал болып табылады.

Сонымен қатар, цифрлық банкингті енгізу тек банк қызметінің салыстырмалы артықшылықтармен ғана емес, сонымен қатар ақпараттық және цифрлық технологиялар теориясының қосымша факторларымен, атап айтқанда технологияның өзіндік тиімділігімен және күтілетін артықшылықтармен анықталады (Shaikh және басқалары, 2025).

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында банк секторын цифрландырудың қазіргі жағдайын зерделеуге және оның дамуының негізгі үрдістерін анықтауға бағытталған жалпы ғылыми және арнайы талдау әдістері қолданылды. Бірінші кезекте Scopus дерекқорында индекстелген рецензияланатын журналдарда жарияланған мақалаларға, ғылыми журналдар мен басқа да ғылыми әдебиеттерге шолу жасалды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және басқа да ресми дереккөздер жариялаған статистикалық және талдамалық материалдар қосымша пайдаланылды.


Банктерді цифрлық трансформациялаудың қолданыстағы тәсілдерін жүйелеу үшін цифрлық технологияларды енгізудің негізгі бағыттарын анықтауға, сондай-ақ олардың қаржы секторының дамуына әсерін бағалауға мүмкіндік беретін салыстырмалы әдістер қолданылды. Жиналған деректер статистикалық талдау әдістерін пайдалана отырып өңделді, сондай-ақ 2019–2025 жылдар аралығы бойынша төлем карталарын қолдану динамикасы, банктердің онлайн сервистерін қолданушылар саны және төлем жасағанда интернет пен ұялы телефон арқылы жасалған транзакциялар өсу қарқыны көрсетілді.

Пирсон корреляция коэффициенті негізінде қолма-қол ақшасыз жасалған транзакция саны мен Қазақстанның ірі үш банкі — Халық банк, Каспи банк және Банк Центркредит активтері табыстылығының орташа (ROA) көрсеткіштерінің байланысы есептелді. Банктердің онлайн сервистерін қолданушылар санының өсуі банктерге онлайн қызметтерді ұсыну қажеттігін анықтап, Қазақстан банктерін цифрландырудың негізгі трендтері ұсынылды.

Нәтижелер және талқылаулар

Цифрлы экономиканың дамуы екінші деңгейлі банктерге де әсерін тигізуде. Мысалы, электронды ақша қолданысқа енгізілуде. 2026 жылғы Ұлттық Банктің мәліметтері бойынша электрондық ақша эмиссиясын 7 банк және АҚ «Қазпошта» жүзеге асырады. Қазақстанда жұмыс істейтін 41 электрондық ақша жүйесінің 39 операторы төлем ұйымдары болып табылады.

Төлем карталарын қолдану динамикасы бойынша 2019-2025 жылдары қолма-қол ақшасыз операциялардың транзакция санының қарқынды өсімін байқаймыз (2025 жылды 2019 жылмен салыстырғанда 11,7 есе өскен). Ал, қолма қол ақша алу операциялары керісінше 2025 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 37 %-ға төмендеген. Осы екі төлем түрі бойынша айырмашылық 2025 жылы 59 есені құрап, қолма-қол ақшасыз жасалған операциялар саны қолма-қол ақша алу арқылы жасалған операциялар санынан әлдеқайда жоғары көрсеткіш көрсетуде (сурет 1).



Сурет 1 – Төлем карталарын қолдану динамикасы, транзакция саны, млн
Ескертпе: (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, 2026) дереккөз негізінде құрастырылған

Қазіргі таңдағы жағдай бойынша активтер көлемі және қаржы секторына әсері бойынша Қазақстанның ірі үш банкі — Халық банк, Каспи банк және Банк ЦентрКредит жатқызуға болады. Бұл қаржы институттары елдегі қаржылық операциялардың негізгі үлесін қамтамасыз ете отырып, активтер, таза пайда және клиенттер базасы бойынша көш бастап тұр.

Кесте 1 – Халық банк, Каспи банк және Банк ЦентрКредит активтердің табыстылығы (ROA) мен орташа активтердің табыстылығы (ROA)

Жылдар	Халық банк ROA (%)	Kaspi Bank ROA (%)	Банк ЦентрКредит ROA (%)	Орташа ROA (%)
2019	3,62	8,05	0,14	3,94
2020	3,39	8,13	0,67	4,06
2021	3,82	8,77	0,99	4,53
2022	3,87	7,17	3,36	4,80
2023	4,48	7,15	2,56	4,73
2024	4,97	6,53	2,86	4,79
2025	4,82	6,03	2,8	4,55

Ескертпе: (Қазақстан қор биржасы, 2026) дереккөз негізінде автор құрастырған

Кестеде көрсетілген мәліметтер негізінде қолма-қол ақшасыз жасалған транзакция саны мен орташа ROA көрсеткіштерінің байланысын Пирсон корреляция коэффициентінің формуласы арқылы есептеуге болады (формула 1).


$$r_{xy} = \frac{\sum(x_i - \bar{x})(y_i - \bar{y})}{\sqrt{\sum(x_i - \bar{x})^2 \sum(y_i - \bar{y})^2}} \quad (1)$$

мұндағы:

- x_i — транзакция көлемі
- y_i — орташа ROA
- \bar{x} — X көрсеткішінің орташа мәні


- y — Y көрсеткішінің орташа мәні
- n — бақылаулар саны

Жүргізілген корреляциялық талдау нәтижесінде қолма-қол ақшасыз жасалған транзакция саны мен банктердің активтердің табыстылығы (ROA) арасында күшті оң байланыс анықталды ($r = 0,8$). Бұл цифрлық төлемдер көлемінің өсуі банк секторының қаржылық тиімділігінің артуымен байланысты екенін көрсетеді.




Сурет 2 – Төлем карталарын қолдану динамикасы, көлемі, трлн. теңге
Ескертпе: (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, 2026) дереккөз негізінде құрастырылған

Жоғарыдағы сурет (2-сурет) арқылы қолма-қол ақшасыз және қолма-қол ақша алу операцияларының 2019–2025 жылдар аралығындағы динамикасын көре аламыз. Қолма-қол ақшасыз операциялар 7 жылдың көлемінде шұғыл өсіп, 2025 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 13,4 есеге көбейген. Ал қолма-қол ақша алу операцияларының көлемі 2025 жылы 27,6 трлн. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 69,3 %-ға ұлғайды. 2025 жыл бойынша қолма-қол ақшасыз жасалған операциялар көлемі қолма-қол ақша алу арқылы жасалған операцияларға қарағанда 6,8 есеге артық көрсеткішті көрсетті. Қолма-қол ақшасыз операциялардың қарқынды өсуіне қарап елдігі ЕДБ қызметінде цифрландыру процесстері жақсы дамуда деген тұжырым жасауға болады.



Сурет 3 – Қазақстан Республикасы аумағында қазақстандық және шетелдік эмитенттер шығарған төлем карточкаларымен операция өткізу, млн. саны
Ескертпе: (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, 2026) дереккөз негізінде құрастырылған

Елімізде қазақстандық және шетелдік эмитенттер шығарған төлем карточкаларымен операция транзакциялар саны бойынша интернет пен ұялы телефон арқылы жасалған транзакциялар көш бастап түр (3-сурет). 2019 жылдан бері ұдайы өсіп келген интернет пен ұялы телефон арқылы жасалған төлемдер 2025 жылы 11,7 есеге өсіп, 7 202 млн. құрады. POS-терминал арқылы жасалған төлемдер 2019 жылдан 2022-ға дейін 6 есеге өсіп, 2025 жылы 2022 жылға қарағанда бірнеше (13 %) төмендеді. 2025 жыл бойынша интернет пен ұялы телефон арқылы жасалған транзакциялар POS-терминал арқылы жасалған транзакцияларға қарағанда 2,6 есеге артық болды. 2023 жылы QR-көрсеткіш арқылы төлем жасау қарқынды дами бастады. 2025 жылы QR-көрсеткіш POS-терминал арқылы жасалған транзакцияларды 37,23 %-ға басып озып, 3 792 млн. құрады.




Сурет 4 - Қазақстан Республикасы аумағында қазақстандық және шетелдік эмитенттер шығарған төлем карточкаларымен операция өткізу, көлемі, трлн. теңге

Ескертпе: (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, 2026) дереккөз негізінде құрастырылған

Қазақстан Республикасы аумағында қазақстандық және шетелдік эмитенттер шығарған төлем карточкаларымен операция өткізудің көлемі бойынша қарастырсақ, тағы да интернет пен ұялы телефон арқылы жасалған транзакциялар көлемі басымдық көрсетті. 2025 жылы 2019 жылмен салыстырғанда интернет пен ұялы телефон арқылы жасалған транзакциялар көлемі 15,4 есеге артып 149,1 трлн. теңгені құрады. Ал POS-терминал арқылы жасалған транзакциялар баяу өсуді көрсетіп (2019 жылдан 2022 жылға дейін 5 есеге өсті), 2022–2025 жылдар аралығында баяу төмендей отырып бастапқы мәнге қайта көтерілді. Осы екі төлем түрі бойынша айырмашылық 2025 жылы 8,3 есені құрап, интернет пен ұялы телефон арқылы жасалған транзакциялар көлемі POS-терминал арқылы жасалған транзакциялар көлемін басып озды. QR-көрсеткіш соңғы жылдары қарқынды дамуды көрсетіп, 2025 жылы 19,2 трлн. теңгені құрады.

Банктердің онлайн сервистерін қолданушылар саны бойынша 2019–2025 жылдардағы көрсеткішті қарасақ, 2021 жылы ең жоғары көрсеткішке жетті (39,5 млн. адам). Себебі ретінде COVID19 пандемиясын айтуға болады. 2019 жылдан 2021 жылға дейін қарқынды өскен (2019 жылдан 2020 жылға қарай 45,7 %-ға өсті, 2020 жылдан 2021 жылға қарай 37,6 %-ға өсті) онлайн қызмет қолданушылар саны 2022 жылы 42 %-ға төмендеп, одан кейін жыл санап қарқынды өсуде. Көрсетілген жылдар аралығындағы өзгеру динамикасына қарамай, онлайн қызметтерді қолданушылар саны 2025 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 74,1 %-ға өсім көрсетіп, 34,3 млн. адамды құрады.




Сурет 5 – Банктердің онлайн сервистерін қолданушылар саны, млн адам

Ескертпе: (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, 2026) дереккөз негізінде құрастырылған

Осылайша, Қазақстанда банктердің онлайн-сервистерін пайдаланудың өсу үрдісі байқалады. Мобильді қосымшалар барлық банктік қызметтерге қолжеткізуді қамтамасыз етеді. Цифрландыру процессіне кіргеннен кейін банктерге IT-технологияларды, персоналды дамытуға үнемі инвестиция жасау қажет болады.

Еліміздегі банк саласының цифрлану дәрежесін зерттей отырып, бәсекеге қабілетті банк қызметін ұсыну үшін банктерді цифрландыру трендтерін ұсынуға болады (сурет 6).



Сурет 6 – ҚР банктерін цифрландыру трендтері

Ескертпе: негізінде құрастырылған

Банк секторындағы бірінші тренд – банктердің өз экожүйелерін қалыптастыруға ұмтылуы. Банктердің негізгі бөлігі цифрлық трансформацияға енді ғана кірісті. Қазақстан банктерінің озық экожүйесі ретінде Каспи банк, Халық банк, Freedom Super App, Банк ЦентрКредит, Форте банк қосымшаларын айтуға болады. Бұл қосымшалар банктік қызметтен бөлек төлеммен байланысты түрлі қызметтер жиынтығын (мемлекеттік қызметтер, маркет, әуе және теміржол билеттерін алу, т.б.) қамтиды.

Екінші тренд – цифрлы технологияларды енгізу бойынша білікті мамандарды жаңа бағытта қайта даярлау (оқыту, курстар). Жеделдетілген цифрландыру қазірдің өзінде кадрлық шешімдерге үлкен әсер етеді.

Үшінші тренд – инновациялық технологияларды енгізу. Нарық ойыншыларының құрылымы тұрғысынан өзгеріске түсіп, жаңа инновацияларды енгізу арқылы бәсекеге

қабілетті бола алады (Лавров, 2021). Қазіргі банктердегі онлайн қызметтердің дамуы инновацияны енгізудің жемісі деуге болады.

Қорытынды

Зерттеу барысында қарастырғандай, Қазақстанның банк қызметіндегі цифрланудың дамуы онлайн қызметтер мен онлайн қызметті тұтынушылар санының өсуімен байланысты. Банктің онлайн қызметін қолданушылар санының 2025 жылы 34,3 млн-ға жетуі онлайн қызмет сұранысының артуын көрсетеді. Сондықтан, цифрлы экономиканың қарқынды даму барысында көптеген банктер үшін даму жолдарының бірі қаржылық инновацияларды енгізу болып саналады. Цифрлы технологияларды қолдана отырып банк операцияларын автоматтандыруды арттыру және банктік қызметтерде озық технологияларды қолдану банк саласының дамуын нығайтудың негізгі факторлары. Қаржылық инновацияларды қалыптастыру процесін талдау банктерде инновациялық және эволюциялық сипаттарға бөлуге болады. Эволюциялық сипатқа сәйкес қаржылық инновациялар баяу қарқынмен қалыптасады. Банк өнімдерінің, қызметтерінің сапасы өзгереді. Өзгерістердің инновациялық түрі түбегейлі жаңа банктік өнімдер мен қызметтердің қалыптасуы туралы айтады. Отандық банктердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қаржы инновацияларын зерттеу және енгізу есебінен бәсекеге қабілетті артықшылықтар беруге бағытталған банк секторын инновациялық қалыптастыру стратегиясын құру қажет. Интернет арқылы жасалатын төлемдердің көш бастап тұруы, электрондық ақша эмиссияларының шығуы еліміздегі цифрлы экономика саласындағы банк қызметтерінің қарқынды дамуын көрсетеді.

Алғыс, мүдделер қақтығысы

Автор Қазақстанның банк саласындағы цифрлық дамуын талдауда елеулі көмек көрсетіп, кеңестері мен сараптамалық пікірлері үшін қаржы секторы мамандарына алғыс білдіреді.

Автор осы зерттеуді жүргізуге және жариялауға байланысты мүдделер қақтығысы жоқ екендігін мәлімдейді.

Авторлардың қосқан үлесі:

Гүлнар Нуруллақызы – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, деректерді визуалдау, мақаланың мақсаттары мен міндеттерін айқындау, Қазақстанның банк саласын цифрландыруға байланысты ғылыми әдебиеттер мен нормативтік дереккөздерді ұсыну, сондай-ақ мақала мәтінін дайындау.

Sylwester Kozak – мақаланы ғылыми тұрғыдан терең қарап, сыни көзбен бағалау, мақаланың мазмұны бойынша құнды ескертулер мен ұсыныстар енгізу, мақаланы құрылымдық түрде жетілдіру.

Әдебиеттер тізімі

1. Abdallah Q. Bataineh, Dhia Qasim and Mohammad Alhur (2024). The impact of digital banking channels and organizational culture on operational excellence in Jordanian banking. Banks and Bank Systems, 19(4), 163-176.

2. Khamitkhan N., Bakhyt E., Karshalova A. (2018). Developing Internet Banking within the Context of Building a Bank's Competitive Advantage. *Journal of Advanced Research in Law and Economics*, 4(34), 1286-1291.
3. Makysh M. Management of innovative activities of second tier banks. *Academy of Strategic Management Journal*, 20(5), 1-8.
4. Makysh S., Makysh M., Beisengaliyev B., Nurtazinova A., Zhagyparova A. (2021). Management Of Innovative Activities of Second Tier Banks. *Academy of Strategic Management Journal*, 20(5), 1-8.
5. Sadvokassova K.Zh., Kodashova G.S., Khamitkhan N. et al. (2020). Actual Problems of Banking Regulation in Kazakhstan. *Journal of Advances Research in Law and Economics*, 2(48), 544-556.
6. Shaikh, I.M. and Amin, H. (2025), Influence of innovation diffusion factors on non-users' adoption of digital banking services in the banking 4.0 era. *Information Discovery and Delivery*, 53(1), 12-21. <https://doi.org/10.1108/IDD-05-2023-0044>
7. Идирисова А.Т., Талимова Л.А., Короткевич А.И. (2025). Устойчивое развитие банковского сектора Казахстана в условиях цифровой трансформации. *Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Экономика серия*, 2, 222-233.
8. Кинг, Б. (2012). Банк 2.0. Как потребительское поведение и технологии изменят будущее финансовых услуг, ЗАО «Олимп-Бизнес», 512 с.
9. Кулумбетова Д. Б., Маулина Н.Х., Асанова А. Б. (2021). Цифровая трансформация казахстанского банковского сектора на современном этапе развития. *Научный вестник: Финансы, банки, инвестиции*, 3, 339-350.
10. Қазақстан қор биржасының ресми сайты. (2026). Retrieved February 18, 2026, from <https://kase.kz/ru>
11. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты. (2025). Official website. Retrieved December 10, 2025, from <https://www.nationalbank.kz/ru>
12. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. (2025). Retrieved September 10, 2025, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000259>
13. ҚР қаржы секторын 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы. (2025). Retrieved March 20, 2025, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001021>
14. Лавров Е. (2021). Маркетинговые стратегии банка: их особенности и разработка. *Высокие технологии и инновации в науке, ГНИИ «Нацразвитие»* 132-136.
15. Роуз П.С. (2005). *Банковский менеджмент. Предоставление финансовых услуг. Дело ЛТД*, 610 с.
16. Синки Дж. (2007). *Финансовый менеджмент в коммерческом банке и в индустрии финансовых услуг*. М.: Альпина Бизнес Букс, 1024 с.
17. Цифрландыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар. (2025). Retrieved November 21, 2025, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000086>
18. Цифрлы Қазақстан бағдарламасы. (2025). Retrieved November 16, 2025, from <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-ridder/press/news/details/127633>

Г. Нуруллақызы*¹, S. Kozak²

¹*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

²*Варшавский университет естественных наук, Варшава, Польша*

Развитие цифровизации в банковской деятельности Казахстана

Аннотация. *Целью работы является теоретическое рассмотрение развития банковской сферы в цифровой экономике путем увеличения доли онлайн услуг и сравнительный анализ*

изменений в рамках цифровизации. Банковский сектор является одной из актуальных отраслей экономики для внедрения инновационных технологий. Развитие цифровых технологий в банковском секторе расширяет и упрощает использование банковских услуг.

Методами исследования являются расчет взаимосвязи показателей среднего ROA трех крупнейших банков Казахстана и количества безналичных транзакций методом накопления, анализа, корреляции статистических данных по влиянию цифровых технологий на банковскую деятельность на основе статистической информации на официальном сайте Национального Банка Республики Казахстан.

Результаты – авторами изучена динамика показателей по динамике использования платежных карт за 2019-2025 годы по уровню безналичных и наличных изъятий, платежам, совершенным через POS-терминал, интернет и мобильный телефон и посредством QR-индикатора, а также по количеству пользователей онлайн-сервисов банков.

Научная новизна исследования заключается в разработке исследовательских работ по ситуации в казахстанской банковской деятельности через тренды цифровизации.

Практическая значимость работы заключается в осуществлении и обосновании развития инноваций в банковской сфере Республики Казахстан, повышении конкурентоспособности банковской отрасли в условиях развитой цифровой экономики.

Выводы – банковская система считается отраслью быстрого внедрения новейших информационных технологий. Рост числа пользователей онлайн-услуг банка вызывает необходимость предоставления онлайн-услуг в банковской деятельности. Поэтому с целью повышения уровня предоставления онлайн услуг были предложены тренды цифровизации банков.

Ключевые слова: банк второго уровня, цифровая экономика, цифровые банковские услуги, электронные деньги, платежные карты, оплата через интернет и мобильный телефон, QR-код.

G. Nurullakzy*¹, S. Kozak²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Warsaw University of Life Sciences, Warsaw, Poland

Development of digitalization in the banking activity of Kazakhstan

Abstract. *The purpose* of the work is a theoretical consideration of the development of the banking industry in the digital economy through increasing the share of online services and a comparative analysis of changes in the field of digitalization. The banking sector is one of the most relevant sectors of the economy for the introduction of innovative technologies. The development of digital technologies in the banking sector will expand and simplify the range of use of banking services.

Research methods are the calculation of the relationship between the number of non-cash transactions and the average ROA indicators of the three largest banks in Kazakhstan using the method of accumulation, analysis, correlation of statistical data on the impact of digital technologies on banking activities based on statistical information on the official website of the National Bank of the Republic of Kazakhstan.

Results – the authors studied the level of non-cash and cash withdrawals on the dynamics of the use of payment cards for the period from 2019 to 2025, payments made via POS-terminal, internet and mobile phone and made using a QR-indicator, as well as the dynamics of indicators by the number of users of online services of banks.

The scientific novelty of the study consists in the development of research work on the situation in Kazakhstan's banking activities through digitalization trends.

The practical significance of the work is the implementation and justification of the development of innovations in the banking sector of the Republic of Kazakhstan, Increasing the competitiveness of the banking industry during the development of the digital economy.

Conclusions – the banking system is considered an industry that quickly implements the latest information technologies. The growth in the number of users of the bank's online services leads to the need to provide online services in the bank's activities. Therefore, in order to increase the level of provision of online services, trends in the digitalization of banks have been proposed.

Keywords: Second-tier bank, digital economy, digital banking services, electronic money, payment cards, payment via the Internet and mobile phone, QR-pointer.

References

1. Abdallah, Q. Bataineh, D. Qasim, M. Alhur (2024). The impact of digital banking channels and organizational culture on operational excellence in Jordanian banking. *Banks and Bank Systems*, 19(4), 163–176. [in English].
2. Khamitkhan, N., Bakhyt, E., Karshalova, A. (2018). Developing Internet Banking within the Context of Building a Bank's Competitive Advantage. *Journal of Advanced Research in Law and Economics*, 4(34), 1286–1291. [in English].
3. Makysh, M. (2021). Management of innovative activities of second tier banks. *Academy of Strategic Management Journal*, 20(5), 1–8. [in English].
4. Makysh, S., Makysh, M., Beisengaliyev, B., Nurtazinova, A., Zhagyparova, A. (2021). Management of innovative activities of second tier banks. *Academy of Strategic Management Journal*, 20(5), 1–8. [in English].
5. Sadvokassova, K.Zh., Kodashova, G.S., Khamitkhan, N. et al. (2020). Actual Problems of Banking Regulation in Kazakhstan. *Journal of Advances Research in Law and Economics*, 2(48), 544–556. [in English].
6. Shaikh, I.M., Amin, H. (2025). Influence of innovation diffusion factors on non-users' adoption of digital banking services in the banking 4.0 era. *Information Discovery and Delivery*, 53(1), 12–21. Available at: <https://doi.org/10.1108/IDD-05-2023-0044> [in English].
7. Idirisova, A.T., Talimova, L.A., Korotkevich, A.I. (2025). Ustoichivoe razvitie bankovskogo sektora Kazakhstana v usloviakh tsifrovoy transformatsii [Sustainable development of the banking sector of Kazakhstan in the conditions of digital transformation]. *Vestnik Evraziyskogo natsionalnogo universiteta im. L.N. Gumileva. Ekonomika seriia*, 2, 222–233. [in Russian].
8. King, B. (2012). Bank 2.0. Kak potrebitelskoe povedenie i tekhnologii izmeniat budushchee finansovykh uslug [Bank 2.0: How consumer behavior and technology will change the future of financial services]. Moscow: Olimp-Biznes, 512. [in Russian].
9. Kulumbetova, D.B., Maulina, N.Kh., Asanova, A.B. (2021). Tsifrovaia transformatsiia kazakhstanskogo bankovskogo sektora na sovremennom etape razvitiia [Digital transformation of the Kazakhstan banking sector at the current stage of development]. *Nauchnyi vestnik: Finansy, banki, investitsii*, 3, 339–350. [in Russian].
10. Kazakhstan Stock Exchange official website (2026). Available at: <https://kase.kz/ru> (date of access: 18.02.2026) [in Russian].
11. National Bank of the Republic of Kazakhstan official website (2025). Available at: <https://www.nationalbank.kz/ru> (date of access: 10.12.2025) [in Russian].
12. Kazakhstan Respublikasyn industrialdyq-innovatsiialyq damyudyn 2021–2025 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasy bekitu turaly [On approval of the Concept of industrial and innovative development of the Republic of Kazakhstan for 2021–2025] (2025). Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000259> (date of access: 10.09.2025) [in Kazakh].
13. QR qarzhy sektorin 2030 zhyлга deiin damyту tuzhyrymdamasy [Concept for the development of the financial sector of the Republic of Kazakhstan until 2030] (2025). Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001021> (date of access: 20.03.2025) [in Kazakh].

14. Lavrov, E. (2021). Marketingovye strategii banka: ikh osobennosti i razrabotka [Marketing strategies of the bank: their features and development]. *Vysokie tekhnologii i innovatsii v nauke*. GNII "Natsrazvitiye", 132–136. [in Russian].

15. Rose, P.S. (2005). *Bankovskii menedzhment. Predostavlenie finansovykh uslug* [Bank management: Provision of financial services]. Moscow: Delo LTD, 610. [in Russian].

16. Sinkey, J. (2007). *Finansovyi menedzhment v kommercheskom banke i v industrii finansovykh uslug* [Financial management in commercial banks and the financial services industry]. Moscow: Alpina Biznes Buks, 1024. [in Russian].

17. Tsifrlandyru, investitsiialyq akhuvaldy zhakhsartu zhane artyq zannamalyq reglamentteudi bolgyzbau maseleleri boiinsha ozgerister men tolyqtyrular [Amendments on issues of digitalization, improvement of the investment climate and reduction of excessive legislative regulation] (2025). Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000086> (date of access: 21.11.2025) [in Kazakh].

18. Tsifrlly Kazakhstan bagdarlamasy [Digital Kazakhstan program] (2025). Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-ridder/press/news/details/127633> (date of access: 16.11.2025) [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Нуруллақызы Г. – хат-хабар үшін автор, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш. 11, 010000, Астана, Қазақстан.

Kozak S. – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Варшава жаратылыстану ғылымдары университеті, Новоурсиновская к., 166, 02-787, Варшава, Польша.

Нуруллақызы Г. – автор для корреспонденции, докторант PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана, 11, 010000, Астана, Казахстан.

Kozak S. – д.э.н., профессор, Варшавский университет естественных наук, ул. Новоурсиновская, 166, 02-787, Варшава, Польша.

Nurullakyzy G. – corresponding author, PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazhymukan St., 11, 010000, Astana, Kazakhstan.

Kozak S. – Doctor of Economics, Professor, Warsaw University of Life Sciences, Novoyursinovskaya St., 166, 02-787, Warsaw, Poland.



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4>).